



БҰЙРЫҚ

2022 жыл 20 қыркүйектегі

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-03/359.

город Павлодар

**2022- 2023 оқу жылында балалар оқулары
республикалық байқауының қалалық кезеңін
ұйымдастыру және өткізу туралы**

Оқушылардың шығармашылық және оқу - танымдық қабілетін ынталандыру мақсатында және 24.08.2022 жылғы «Ертіс дарыны» ӨҚББОӘО № 5 – 01 - 304 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 3 – 10 сынып оқушыларына арналған балалар оқуларының республикалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) қалалық кезеңі 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 7 жалпы орта білім беру мектебінде (Жеңіс алаңы к, 13), өткізілсін.

2. Ұйымдастыру комитетінің құрамы (1 - қосымша), қалалық кезеңінің қазылар алқасы мүшелерінің тізімі (2 - қосымша) бекітілсін.

3. Мектеп директорлары байқауға қатысушылардың уақытымен келіп - қайтуын қамтамасыз етсін, жол жүру барысында балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін топ жетекшісіне жүктелуін қарастырсын.

4. «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» КМҚК (А.Л. Мухаметжанова) байқаудың қалалық кезеңінің өтуін ұйымдастырсын.

5. Қазылар алқасы мүшесіне жұмыс уақытының табеліне сәйкес төлемақы жүргізілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басшысының орынбасары Г.Т. Медиеваға жүктелсін.

Бөлім басшысының
міндетін атқарушы

А.Маликова